

|                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p align="center"><b>«Студенттік» тарифтік жоспарын<br/>қосуға келісімге<br/>№ 1 қосымша</b></p>                                                                                                                                                                     | <p align="center"><b>Приложение № 1<br/>к Соглашению на подключение Тарифного<br/>плана «Студенческий»</b></p>                                                                                                                                                                        |
| <p align="center"><b>«Студенттік» тарифтік жоспары (бұдан<br/>әрі – «Бағдарлама») маркетингтік<br/>науқан бағдарламасы</b></p>                                                                                                                                       | <p align="center"><b>Программа маркетинговой Акции<br/>Тарифный план «Студенческий» (далее<br/>– «Программа»)</b></p>                                                                                                                                                                 |
| <p><b>Науқанның мақсаты</b> – арнайы жеңілдікті «Студенттік» тарифтік жоспарын белгілеу арқылы студенттер арасында қаржылық сауаттылықты танымал ету, инвестициялауға жас аудиторияны тарту және Компанияның білім беру платформасында оқудан өтуді ынталандыру.</p> | <p><b>Цель Акции</b> – популяризация финансовой грамотности среди студентов, привлечение молодой аудитории к инвестированию и стимулирование прохождения обучения на образовательной платформе Компании путем установления специального льготного Тарифного плана «Студенческий».</p> |
| <p align="center"><b>1. Терминдер мен анықтамалар</b></p>                                                                                                                                                                                                            | <p align="center"><b>1. Термины и определения</b></p>                                                                                                                                                                                                                                 |
| <p><b>1.1. Науқан</b> – Компания осы Бағдарламаның шарттарына сәйкес өткізетін «Студенттік» тарифтік жоспары» маркетингтік науқаны.</p>                                                                                                                              | <p><b>1.1.Акция</b> – маркетинговая акция Тарифный план «Студенческий», проводимая Компанией в соответствии с условиями настоящей Программы.</p>                                                                                                                                      |
| <p><b>1.2. Науқанды өткізу кезеңі</b> – Науқан басталған күннен бастап Ұйымдастырушы оны тоқтатқан күнге дейінгі кезең.</p>                                                                                                                                          | <p><b>1.2.Период проведения Акции</b> – период с даты начала проведения Акции до даты ее прекращения Организатором.</p>                                                                                                                                                               |
| <p><b>1.3. Бағдарлама</b> – осы «Студенттік» тарифтік жоспары» маркетингтік науқанының бағдарламасы.</p>                                                                                                                                                             | <p><b>1.3.Программа</b> – настоящая Программа маркетинговой Акции «Тарифный план «Студенческий»».</p>                                                                                                                                                                                 |
| <p align="center"><b>2. Науқанды өткізу кезеңі мен орны</b></p>                                                                                                                                                                                                      | <p align="center"><b>2. Период и место проведения Акции</b></p>                                                                                                                                                                                                                       |
| <p><b>2.1.</b> Науқан белгісіз мерзімге өткізіледі және Компания оны тоқтату туралы жеке шешім қабылдаған сәтке дейін қолданылады.</p>                                                                                                                               | <p><b>2.1.</b> Акция проводится на неопределенный срок и действует до момента принятия Компанией отдельного решения о ее прекращении.</p>                                                                                                                                             |
| <p><b>2.2.</b> Күмәнді болдырмау мақсатында, егер Клиентке Науқанды өткізу кезеңі ішінде Тариф берілсе, Тариф Науқанның</p>                                                                                                                                          | <p><b>2.2.</b> Во избежание сомнений, в случае присвоения Клиенту Тарифа в течение Периода проведения Акции Тариф</p>                                                                                                                                                                 |

|                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| тоқтатылуына дейін қалған мерзімге карамастан, Тариф берілген күннен бастап 365 (үш жүз алпыс бес) Күнтізбелік күн ішінде тиісті Клиентке қолданылады.                                                                                   | применяется к соответствующему Клиенту в течение 365 (Триста шестьдесят пять) Календарных дней с даты присвоения Тарифа, независимо от срока, оставшегося до прекращения Акции.                                |
| <b>3. Науқанға қатысатын Компания мен Клиенттердің құқықтары мен міндеттемелері</b>                                                                                                                                                      | <b>3. Права и обязательства Компании и Клиентов, участвующих в Акции</b>                                                                                                                                       |
| 3.1. Клиент құқықтары:                                                                                                                                                                                                                   | 3.1. Клиент вправе:                                                                                                                                                                                            |
| <b>3.1.1.</b> Компанияның жария ресурстары мен байланыс арналарында, соның ішінде Компанияның Веб-сайтында, Интернет желісінде, әлеуметтік желілерде және сыртқы жарнамада Науқанды өткізу мерзімдері мен шарттары туралы ақпарат алуға; | 3.1.1. Получать информацию о сроках и условиях проведения Акции на публичных ресурсах и каналах коммуникации Компании, в том числе на Вебсайте Компании, в сети Интернет, социальных сетях и наружной рекламе. |
| <b>3.1.2.</b> Компания туралы мәліметтер алуға.                                                                                                                                                                                          | 3.1.2. Получать сведения о Компании.                                                                                                                                                                           |
| 3.2. Клиент міндеттері:                                                                                                                                                                                                                  | 3.2. Клиент обязуется:                                                                                                                                                                                         |
| <b>3.2.1.</b> Осы Бағдарламаның шарттарын сақтауға, соның ішінде Науқанға қатысуға байланысты барлық әрекеттерді осы Бағдарламада белгіленген мерзімдерде орындауға;                                                                     | 3.2.1. Соблюдать условия настоящей Программы, в том числе выполнять все действия, связанные с участием в Акции, в установленные настоящей Программой сроки.                                                    |
| <b>3.2.2.</b> Осы Бағдарламаның талаптарына сәйкес келетін, анық және жарамды оқуын растайтын құжатты ұсынуға;                                                                                                                           | 3.2.2. Предоставить достоверный и действительный Документ, подтверждающий обучение, соответствующий требованиям настоящей Программы.                                                                           |
| <b>3.2.3.</b> Науқанға қатысуға байланысты барлық шығыстарды, соның ішінде Интернетке, телефонға және т.б. жұмсалатын шығыстарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, өз бетінше көтеруге;                                             | 3.2.3. Нести самостоятельно все расходы, связанные с участием в Акции, включая, но не ограничиваясь, расходами на Интернет, телефон и прочее.                                                                  |
| <b>3.2.4.</b> Осы Бағдарламада және Қазақстан Республикасының қолданылатын заңнамасында көзделген өзге де міндеттемелерді атқаруға.                                                                                                      | 3.2.4. Нести иные обязательства, предусмотренные настоящей Программой и применимым законодательством Республики Казахстан.                                                                                     |
| <b>3.2.5.</b> Клиент студент мәртебесінен айырылғаны туралы өзі осындай мәртебеден айырылғанын білген немесе білуі тиіс болған күннен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Tradernet жеке                                           | 3.2.5. Клиент обязан уведомить Компанию об утрате статуса студента путём направления обращения (тикета) через                                                                                                  |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>кабинетіндегі өтініштер жүйесі арқылы өтініш (тикет) жолдау жолымен Компанияны хабардар етуге міндетті. Хабардар ету күні болып тиісті өтініштің Tradernet жүйесінде тіркелген күні есептеледі. Tradernet жеке кабинеті техникалық тұрғыдан қолжетімсіз болған жағдайда Клиент хабарламаны Компанияның ресми сайтында көрсетілген Компанияның электрондық пошта мекенжайына жолдайды. Компания кез келген уақытта Клиенттің жоғары білім беру ұйымының студенті ретіндегі мәртебесіне тексеру жүргізуге құқылы. Клиенттің студент мәртебесінен айырылу фактісі анықталған жағдайда, Компания мұндай факт анықталған күннен бастап 3 (үш) Жұмыс күні ішінде Клиентке Тарифті қолдануды тоқтатуға және Клиентті «Инвестор» тарифіне ауыстыруға құқылы.</p> | <p>систему обращений в личном кабинете Tradernet в течение 15 (пятнадцать) календарных дней с даты, когда Клиент узнал или должен был узнать об утрате такого статуса. Датой уведомления считается дата регистрации соответствующего обращения в системе Tradernet. В случае технической недоступности личного кабинета Tradernet Клиент направляет уведомление на адрес электронной почты Компании, указанный на официальном сайте Компании. Компания вправе в любое время осуществлять проверку статуса Клиента как студента Образовательной организации высшего образования. В случае выявления факта утраты Клиентом статуса студента Компания вправе в течение 3 (трёх) Рабочих дней с даты выявления такого факта прекратить применение Тарифа к Клиенту и перевести Клиента на тариф «Инвестор».</p> |
| <p><b>3.3. Компания құқықтары:</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | <p><b>3.3. Компания вправе:</b></p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |
| <p><b>3.3.1.</b> Осы Бағдарламада көзделген жағдайларды қоспағанда Науқан Клиенттерімен жазбаша келіссөздерге немесе өзге де байланыстарға түспеуге;</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    | <p>3.3.1. Не вступать в письменные переговоры или иные контакты с Клиентами Акции, за исключением случаев, предусмотренных настоящей Программой.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| <p><b>3.3.2.</b> Клиенттерден осы Бағдарламада көзделген жағдайларда қажетті ақпарат пен құжаттарды, сондай-ақ мемлекеттік органдарға ұсыну үшін қажетті өзге де құжаттарды сұратуға;</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   | <p>3.3.2. Запрашивать у Клиентов необходимую информацию и документы в случаях, предусмотренных настоящей Программой, а также иные документы, необходимые для предоставления в государственные органы.</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| <p><b>3.3.3.</b> Оқуын растайтын құжат ұсынылмаған, осы Бағдарламаның талаптарына сәйкес келмейтін құжат ұсынылған не мұндай құжаттағы мәліметтер Компанияда бар Клиенттің деректеріне сәйкес келмеген жағдайда, Клиентке Тарифті беруден бас тартуға құқылы. Тарифті беруден бас тартылған жағдайда, Компания Клиентке бас тарту</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       | <p>3.3.3. Отказать Клиенту в присвоении Тарифа в случае непредоставления Документа, подтверждающего обучение, предоставления документа, не соответствующего требованиям настоящей Программы, либо несоответствия сведений, содержащихся в таком документе, данным Клиента, имеющимся у Компании. В случае отказа в присвоении Тарифа Компания</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| себебін көрсете отырып, бас тарту туралы хабардар етуге құқылы;                                                                                                                                                                                                                                         | вправе уведомить Клиента об отказе с указанием причины отказа.                                                                                                                                                                                                                                     |
| <b>3.3.4.</b> Клиенттерді хабардар ете отырып, Науқанды кез келген уақытта тоқтатуға;                                                                                                                                                                                                                   | 3.3.4. Прекратить Акцию в любое время, уведомив об этом Клиентов.                                                                                                                                                                                                                                  |
| <b>3.3.5.</b> Клиент студент мәртебесінен айырылғаны туралы Компанияны хабардар ету міндетін орындамаған жағдайда Компания студент мәртебесінен айырылу фактісі анықталған күннен бастап Клиентті «Инвестор» тарифіне ауыстыруға және осы Келісім мен Регламентте көзделген өзге де салдарды қолдануға; | 3.3.5. В случае неисполнения Клиентом обязанности по уведомлению Компании об утрате статуса студента Компания вправе перевести Клиента на тариф «Инвестор» с даты установления факта утраты статуса студента и применить иные последствия, предусмотренные настоящим Соглашением и Регламентом.    |
| <b>3.3.6.</b> Клиентке Тариф берілгеннен кейін анық емес мәліметтерді ұсыну және (немесе) Клиент ұсынған құжаттардың осы Бағдарламаның талаптарына сәйкес келмеу фактісі анықталған жағдайда, Компания тиісті факт анықталған күннен бастап Клиентті «Инвестор» тарифіне ауыстыруға құқылы.             | 3.3.6. В случае выявления после присвоения Клиенту Тарифа факта предоставления недостоверных сведений и (или) несоответствия предоставленных Клиентом документов требованиям настоящей Программы Компания вправе перевести Клиента на тариф «Инвестор» с даты установления соответствующего факта. |
| <b>3.4. Компания құқықтары:</b>                                                                                                                                                                                                                                                                         | 3.4. Компания обязуется:                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| <b>3.4.1.</b> Осы Бағдарламаның шарттарын сақтауға және Науқанды өткізуге байланысты барлық әрекеттерді осы Бағдарламада белгіленген мерзімдерде орындауға;                                                                                                                                             | 3.4.1. Соблюдать условия настоящей Программы и выполнять все действия, связанные с проведением Акции, в установленные настоящей Программой сроки.                                                                                                                                                  |
| <b>3.4.3.</b> Оқуын растайтын құжатты тексеру сәтті өткен жағдайда Клиент ОТП-кодты енгізген күннен бастап 2 (екі) Жұмыс күні ішінде Клиентке 365 (үш жүз алпыс бес) Күнтізбелік күн мерзімге Тариф беруге міндеттенеді.                                                                                | 3.4.3. Присвоить Клиенту Тариф сроком на 365 (Триста шестьдесят пять) Календарных дней в течение 2 (двух) Рабочих дней с даты ввода Клиентом ОТП-кода при условии успешной проверки Документа, подтверждающего обучение.                                                                           |
| <b>4. Арнайы жеңілдетілген Тарифтің талаптары</b>                                                                                                                                                                                                                                                       | <b>4. Условия специального льготного Тарифа</b>                                                                                                                                                                                                                                                    |
| 4.1. Арнайы жеңілдетілген Тариф шеңберінде Компанияның мынадай комиссиялық сыйақы мөлшерлемелері қолданылады:                                                                                                                                                                                           | 4.1. В рамках специального льготного Тарифа подлежат применению следующие ставки комиссионного вознаграждения Компании:                                                                                                                                                                            |

|                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                       |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Клиент Компанияның сауда платформасы арқылы, оның ішінде Интернет-Трейдинг Жүйесі арқылы жіберген сауда тапсырыстары негізіндегі мәмілелер бойынша:                                                                                         | Сделки на основании торговых поручений, направленных Клиентом через торговую платформу Компании, в том числе через Систему Интернет-Трейдинга:                                                                                                                        |
| • IPO шеңберіндегі мәмілелерді қоса алғанда, KASE және AIX бойынша мәмілелер үшін 0,07%;                                                                                                                                                    | • 0,07% за сделки KASE и AIX, в том числе сделки в рамках IPO;                                                                                                                                                                                                        |
| • Халықаралық нарықтардағы мәмілелер үшін (ITS сауда алаңын қоспағанда) мәміле сомасының 0,1%-ы + бір бағалы қағаз үшін 0,012 АҚШ доллары, сондай-ақ ішінара немесе толық орындалған әрбір тапсырыс (бұйрық) үшін 1,2 АҚШ доллары;          | • 0,1% от суммы сделки + 0,012 доллара США за одну ценную бумагу, а также 1,2 доллара США за одно поручение (приказ), исполненное частично или полностью, за сделки на Международных рынках (не включая торговую площадку ITS);                                       |
| • ITS сауда алаңында жасалатын Халықаралық нарықтардағы мәмілелер үшін мәміле сомасының 0,1%-ы, бірақ 0,01 АҚШ долларынан кем емес + бір бағалы қағаз үшін 0,012 АҚШ доллары;                                                               | • 0,1% от суммы сделки, но не менее 0,01 доллара США + 0,012 доллара США за одну ценную бумагу за сделки на Международных рынках (для сделок на торговой площадке ITS);                                                                                               |
| • опциондармен мәмілелер жасағаны үшін комиссия ретінде мәміле үшін 10 АҚШ доллары + әрбір келісімшарт үшін 3 АҚШ доллары.                                                                                                                  | • 10 долларов США за сделку + 3 доллара США за каждый контракт в качестве комиссии за совершение сделок с опционами.                                                                                                                                                  |
| 4.2. Осы 4.1-тармақта арнайы көзделмеген өзге де барлық комиссиялық сыйақы мөлшерлемелері Регламентке № 3 қосымшамен белгіленген «Инвестор» тарифі бойынша тиісті комиссиялар үшін қолданылатын сыйақы мөлшерлемелеріне сәйкес қолданылады. | 4.2. Все остальные ставки вознаграждения по комиссиям, отдельно не предусмотренным настоящим пунктом 4.1, применяются в соответствии со ставками вознаграждения по соответствующим комиссиям согласно тарифу «Инвестор», установленному Приложением № 3 к Регламенту. |
| 4.3. Тариф бір Клиентке тек бір рет берілуі мүмкін және тек Клиенттің бір брокерлік шотына қатысты қолданылады.                                                                                                                             | 4.3. Тариф может быть присвоен одному Клиенту только один раз и применяется только в отношении одного брокерского счета Клиента.                                                                                                                                      |
| 4.4. Клиентке Тариф берілген күннен бастап 1 (бір) жыл өткен соң, Компания Клиентті автоматты түрде «Инвестор» тарифіне ауыстырады.                                                                                                         | 4.4. По истечении 1 (одного) года с даты присвоения Клиенту Тарифа Компания автоматически переводит Клиента на тариф «Инвестор».                                                                                                                                      |
| 4.5. Клиент Тарифтен кез келген өзге тарифке дербес ауысқан жағдайда,                                                                                                                                                                       | 4.5. При самостоятельном переходе Клиента с Тарифа на любой другой тариф                                                                                                                                                                                              |

|                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                 |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Клиенттің Акцияға қайта қатысуы мүмкін емес.                                                                                                                                                                                 | повторное участие Клиента в Акции невозможно.                                                                                                                                                                                                   |
| <b>5. Науқанға қатысу шарттары</b>                                                                                                                                                                                           | <b>5. Требования для участия в Акции</b>                                                                                                                                                                                                        |
| 5.1. Клиенттің Тариф берілген күнге дейін Компанияда брокерлік шоты бар.                                                                                                                                                     | 5.1. Клиент имеет брокерский счет в Компании до даты присвоения Тарифа.                                                                                                                                                                         |
| 5.2. Клиент 18 жасқа толған, әрекетке қабілетті жеке тұлға.                                                                                                                                                                  | 5.2. Клиент является дееспособным физическим лицом, достигшим возраста 18 лет.                                                                                                                                                                  |
| 5.3. Клиент Компанияның Веб-сайтындағы нысан арқылы брокерлік шот нөмірі мен ұялы телефон нөмірін көрсете отырып, Компанияға өтінім жіберген және JPG, PNG немесе PDF форматында Оқуды растайтын құжатты тіркеген.           | 5.3. Клиент направил Компании заявку через форму на Вебсайте Компании с указанием номера брокерского счета и номера мобильного телефона и приложил Документ, подтверждающий обучение, в формате JPG, PNG или PDF.                               |
| 5.4. Оқуды растайтын құжат иесінің тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда) тиісті брокерлік шот иесінің деректерімен сәйкес келеді.                                                                                    | 5.4. Фамилия, имя, отчество (при наличии) обладателя Документа, подтверждающего обучение, совпадают с данными владельца соответствующего брокерского счета.                                                                                     |
| 5.5. Клиент Компания Клиенттің ұялы телефон нөміріне жіберген OTP-кодты өтінім нысанының тиісті өрісіне енгізу арқылы Келісімді акцептеді.                                                                                   | 5.5. Клиент акцептовал Согласие путем ввода OTP-кода, направленного Компанией на номер мобильного телефона Клиента, в соответствующее поле формы заявки.                                                                                        |
| <b>6. Оқуды растайтын құжаттарды тексеру тәртібі</b>                                                                                                                                                                         | <b>6. Порядок проверки Документов, подтверждающих обучение</b>                                                                                                                                                                                  |
| 6.1. Оқуды растайтын құжатты тексеруді Компанияның Клиенттерге қолдау көрсету және дамыту департаменті Клиенттің өтінімін қарау кезінде құжатты және онда қамтылған мәліметтерді көзбен шолып тексеру арқылы жүзеге асырады. | 6.1. Проверка Документа, подтверждающего обучение, осуществляется Департаментом поддержки и развития клиентов Компании путем визуальной проверки документа и содержащихся в нем сведений при рассмотрении заявки Клиента.                       |
| 6.2. Компания Оқуды растайтын құжатты және онда қамтылған мәліметтерді көзбен шолып тексереді және оның түпнұсқалығына сараптама жүргізбейді. Ұсынылған мәліметтер мен құжаттың дұрыстығы үшін Клиент жауапты болады.        | 6.2. Компания осуществляет визуальную проверку Документа, подтверждающего обучение, и содержащихся в нем сведений и не проводит экспертизу его подлинности. Ответственность за достоверность предоставленных сведений и документа несет Клиент. |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 6.3. Өтінімді қарау мерзімі Клиент ОТР-кодты енгізген күннен бастап 2 (екі) Жұмыс күнін құрайды.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | 6.3. Срок рассмотрения заявки составляет 2 (два) Рабочих дня с даты введения Клиентом ОТР-кода.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |
| 6.5. Клиенттер ұсынған құжаттар АХҚО қолданылатын актілерінің талаптарына сәйкес Клиентпен іскерлік қатынастар тоқтатылған күннен бастап 6 (алты) жыл бойы Компанияда сақталады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | 6.5. Документы, предоставленные Клиентами, хранятся Компанией в течение 6 (шести) лет с даты прекращения деловых отношений с Клиентом в соответствии с требованиями применимых актов МФЦА.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| 6.6. Клиент Компанияға Оқуды растайтын құжатты ұсынуға міндетті. Компанияның Клиент ұсынған құжатты және Клиенттің Тарифті беру талаптарына сәйкестігін Тарифті беруге дейін де, одан кейін де кез келген уақытта тексеруге құқығы бар. Егер мұндай тексеру нәтижесінде Компания Клиенттің белгіленген талаптарға сай келмейтінін немесе Клиент ұсынған құжаттың дұрыс емес немесе жарамсыз екенін анықтаса, Компанияның Тарифті Клиентке қолдануды тоқтатуға және Клиентті «Инвестор» тарифіне ауыстыруға құқығы бар. Компания Тарифті қолдануды тоқтатуы туралы Клиентке оны тоқтату күніне дейін кемінде 2 (екі) Жұмыс күні бұрын хабарлайды. | 6.6. Клиент обязан предоставить Компании Документ, подтверждающий обучение. Компания вправе осуществлять проверку предоставленного Клиентом документа и соответствия Клиента условиям присвоения Тарифа как до присвоения Тарифа, так и в любое время после его присвоения. В случае выявления по результатам такой проверки несоответствия Клиента установленным условиям или недостоверности представленного документа Компания вправе прекратить применение Тарифа к Клиенту и перевести Клиента на тариф «Инвестор». Компания уведомляет Клиента о прекращении применения Тарифа не менее чем за 2 (два) Рабочих дня до даты прекращения его применения. |
| <b>7. Жауапкершілік</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | <b>7. Ответственность</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
| 7.1. Компания мен Клиенттер осы Бағдарламада белгіленген өз міндеттемелерін орындағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін жауапты болады.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  | 7.1. Компания и Клиенты несут ответственность за исполнение и/или ненадлежащее исполнение своих обязательств, установленных настоящей Программой.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
| 7.2. Компания мыналар үшін жауапты болмайды: (а) Клиенттер осы Бағдарламаның талаптарына сәйкес ұсынған ақпараттың дұрыстығы мен нақтылығы үшін; (b) Клиенттердің мұндай ақпаратты осы Бағдарламада белгіленген мерзімде ұсынуы үшін; немесе (с) Компанияның бақылауынан тыс болжанбаған мән-жайлардың туындауына                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                | 7.2. Компания не несет ответственности за: (а) точность и достоверность информации, предоставленной Клиентами в соответствии с условиями настоящей Программы; (b) предоставление Клиентами такой информации в сроки, установленные настоящей Программой; или (с) невозможность исполнения Компанией своих обязательств вследствие наступления непредвиденных обстоятельств,                                                                                                                                                                                                                                                                                  |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| байланысты Компанияның өз міндеттемелерін орындай алмауы үшін.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | находящихся вне разумного контроля Компании.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
| <b>8. Науқанның өзге де талаптары</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | <b>8. Иные условия Акции</b>                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |
| 8.1. Осы Бағдарламаның 5.5-тармағында көрсетілген әрекеттерді жасау арқылы Клиент осы Бағдарламаның талаптарымен танысқанын, оларды түсінгенін және қабылдайтынын растайды.                                                                                                                                                                                                                                                                                | 8.1. Путем совершения действий, указанных в пункте 5.5 настоящей Программы, Клиент подтверждает, что ознакомился, понял и принимает условия настоящей Программы.                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| 8.2. Клиенттің дербес деректерін өңдеу бөлігінде Регламенттің және Компанияның дербес деректерді өңдеуді реттейтін өзге де құжаттарының ережелері қолданылады.                                                                                                                                                                                                                                                                                             | 8.2. В части обработки персональных данных Клиента применяются положения Регламента и иных документов Компании, регулирующих обработку персональных данных.                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| 8.3. Клиенттер Науқанды өткізу үшін ресурстар ретінде Компанияның Веб-сайтынан тыс орналасқан үшінші тұлғалардың веб-сайттары мен қосымшалары пайдаланылуы мүмкін екенімен, онда Клиенттер туралы ақпарат Компанияның тікелей бақылауынан тыс жиналуы және (немесе) өңделуі мүмкін екенімен келіседі. Бұл ретте мұндай үшінші тұлғалар Клиенттерден алған ақпаратты жинау мен өңдеу осындай үшінші тұлғалардың тиісті құжаттарының ережелерімен реттеледі. | 8.3. Клиенты соглашаются с тем, что в качестве ресурсов для проведения Акции могут использоваться веб-сайты и приложения третьих лиц, находящиеся за пределами Вебсайта Компании, где информация о Клиентах может собираться и/или обрабатываться вне прямого контроля Компании. В таком случае сбор и обработка информации, полученной от Клиентов такими третьими лицами, регулируются положениями соответствующих документов таких третьих лиц. |